

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Елизарова Г.В. Формирование межкультурной компетенции студентов в процессе обучения иноязычному общению: дис. ... д-ра пед. наук: 13.00.02: СПб., 2001. – 371 с.
- 2 Колосовская Т.А. Формирование кросс-культурной компетентности будущих учителей: дис. ... канд. пед. наук. – Челябинск, 2006.
- 3 Tylor Edward Burnett. Primitive Culture. L., 1871.
- 4 Библер В.С. От наукоучения – к логике культуры: Два философских введения в двадцать первый век. – М.: Политиздат, 1991. – 412 с.
- 5 Уайтинг Дж., Чайлд И. Гипотеза о личностной интеграции культуры <http://ethnopsychology.narod.ru/study/history/whiting.htm>
- 6 Hall Edward Twitchell Jr. Beyond Culture. New York: Doubleday, 1976
- 7 Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура: лингвострановедение в преподавании русского языка как иностранного. – М.: Рус. язык, 1992. – 281 с.
- 8 Халеева И.И. Основы теории обучения пониманию иноязычной речи (подготовка переводчика). – М.: Высшая школа, 1989. – 238 с.
- 9 Педагогический словарь // <http://www.pedpro.ru/termins/68.htm>

## МҮСІН ӨНЕРІ – ХАЛЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТ ТУЫНДЫСЫ

*Мухаметжанов Б.А.,  
Қазақ өнер институты, Қазақстан*

*Annotation. Technology and types of sculpture as part of national culture are examined in the article.*

*Аннотация. В статье рассматриваются технология и виды скульптуры как часть национальной культуры.*

Қай ғасырда да философтар, ойшылдар, педагогтар мен әлеуметтанушылар ұлттық өнердің пайда болу табиғатын ашуға аз көңіл бөлмеген. Олар жеке адамның өнерге, қоғамға, табиғатқа деген қатынасын қарастырды. Халқымыздың мыңдаған жылдар бойы қалыптасу тарихында рудан тайпаға, тайпалар одағынан ұлтқа айналу процесінде оның рухани дүниесін де дамытып, ұлттық өнері болған және басқа ұлттарға үлгі боларлықтай асыл қасиеттері мол жинақталған. «Өнер туындылары» деген ұғым көп мәселені қамтитын, ұлттық өнер туындыларын жаңа биікке көтеретін мұраны білдіреді.

Қазақтың өнер туындыларына философиялық талдау жасау барысында өзіндік қалыптасу мен даму ерекшелігін және әртүрлі бағытта өрбігендігін аңғаруға болады. Олардың төлтума ерекшеліктерінің бірі – шығарма терең дүниетанымдық түсініктермен астарласып, өзіндік сәнді стильмен сипатталады, әрбір көрініс ұлттық ділмен орайласып, байыпты философиялық толғаныс тудыруға мүмкіндік ашады.

Ғасырлар бойы өнер тәжірибесінен өткен көркемдік құбылысын қамтамасыз ететін екі заңдылық бар:

1. Тұрақтылықты қамтамасыз ететін құрылымдық байланыстар.

2. Шығармашылық дамуы пайымдаушылық өзгерісті қамтамасыз ететін бөлшектер арасындағы қайшылықтар болуы.

Халқымыздың өнер туындыларын өз ерекшеліктеріне сай жоғарыдағы екі заңдылыққа сай бағындыруға болады: бір жағынан, халықтың этникалық тұтастығын қамтамасыз ететін құрылымдық байланыс қызметін атқарса, екінші жағынан, қамтамасыз ететін шығармашылық қайшылықтардың дербестігін сақтау қызметін қалыптастыру керек.

Халықтық мәдениет қаншалықты көне болса, өнер туындыларын зерттеу тарихы да соншалықты тереңге тартады. Сондықтан, рухани мұрамыздың жиналу, саралану, насихатталуы да тереңге тамыр созады. Бұған ел басымыз Н.Ә. Назарбаевтың сөзі дәлел болады: «... бүгінгі таңда біздің төл мәдениетіміздің міндеттерін өзіміз айқындай алатын мүмкіндігіміз бар. Оны шешу мәдени санаткерлеріміздің еншісінде екенін атап көрсетті. Қазақ мәдениетінің үш мың

жылдық тарихы ұрпақтарға жалғастық пен сабақтастық арқылы жетіп отыр. Мәдениеттің басты таратушылары болған көшпенді ата-бабаларымыз рухани қазынаны ең биік құндылыққа қоя алғандықтан және өздері сол рухани құндылықты бойына жинақтай да білді. Кешеге дейін өткеніміз бен бүгініміз жалғастырған нәзік жіп үзілмей, ұрпақ пен ұрпақты байланыстырып келеді. Ғасырлар бойы екшеленген мұраларды бір сәт те естен шығармаған абзал» /1/.

Өнер туындылары – қоғамдық сананың ең көне формаларының бірі, шындықтың көркем бейнесі, өте ертеде шықты. Алғашқы адамдар кейінгі ұрпақтарға тас балталар мен сүйектен жасалған найзалар ғана қалдырған жоқ, сонымен қатар, үңгірлердің қабырғаларына салынған түрлі суреттер, балшықтан, тастан жасалған мүсіндер де қалдырған. Сондықтан, қоғам өзін ұзақ уақыт бойы кері стереотиптер мен догмаларды бұзуға, халықтың рухани мұрасын, өнер туындыларын, олардың өткені мен бүгінін ұлттық санада қайта пайымдаудан өткізуге мүдделі.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, өнер саласында бірінші кезекте ұлттық құндылықтарға, оның терең тамырына қызығушылыққа ие болды. Қазақстандық мүсіншілердің туындылары, зерттеу жұмыстары, ғылыми еңбектерінің нәтижелері, сонымен қатар, XX ғасырдың орта тұсынан ала қылаң беріп, XXI ғасырда зор қарқынмен етек алған жаһандану үрдісі елдер мен мемлекеттердің рухани, мәдени, әсіресе, білім беру салаларындағы межелер мен шектеулерді бұзып өтіп, адамзат баласының озық өркениетке жету жолындағы ой-арманы мен ақыл кеңістігіне орасан зор мүмкіндіктер сыйлап отыр.

Қазіргі заман қазақ халқының өнер туындыларын тереңірек зерттеп, осы күрделі де қызық тақырыпқа қатысты заманға лайықты ұстанымдарды іздестірудің көкейкестілігін алға тартады.

Өнер туындыларының маңызды құрамдас бөлігі – мүсін өнері технологиясы. Мүсін өнері біздің өмірімізде маңызды орын алады. Себебі, әдемілікті шындығында бейнелей келе, біздің санамызды, талғамымызды және сұлулық туралы көзқарасымызды қалыптастырады. Әрбір мәдениетті адам осы саладағы саналы көзқарасын кеңейте түсуі қажет.

*Мүсін* – бейнелеу өнерінің бір түрі, шығармалары көлемді, үшөлшемді және қатты мен иілгіш материалдардан жасалады /2/.

*Мүсін өзінің формасына қарай 2 негізгі түрлерге бөлінеді:* домалақ мүсін және рельеф.

Әдетте, домалақ мүсінде оның барлық қырлары өңделеді, сондықтан көрермен оны дөңгеленіп айнала қарап шығып, бейненің мазмұнын барлық нүктелері арқылы толық қабылдағысы келеді.

Домалақ мүсіннің басты түрлері: статуя, статуэтка, бюст, торс және мүсіндік топ.

*Рельеф* (итальян термині *relievo* – выступ, выпуклость, подъем) өзінің бейнелеу мүмкіндіктеріне қарай домалақ мүсін және тегіс жердегі бейнесімен (сурет, живопись, фреска) аралық орны бар.



Рельеф, домалақ мүсінге ұқсас, үш өлшемді болып табылады (дегенмен үшінші терең өлшемі біршама қысқартылған, шартты). Рельефтегі фигуралардың композициясы жазық бетінде жақсы жатады, бейненің техникалық негізі және бір уақытта пейзаж, көп фигуралы сахнаны көрсете алатын реңкі де бола алады. Осындай жазықтықпен органикалық байланыс рельефтің ерекшеліктері болып табылады.

Рельефтің төменгі түрі немесе барельеф (француз сөзі *bas* – төмен) деп аталады. Мұнда бейне өз өлшемінен жартысындай ғана жазықтыққа реңк береді. Ал, жоғары рельеф немесе горельефте (француз сөзі *haut* – жоғары) бейне өз өлшемінен жартысынан артық жазықтықта реңк береді. Рельеф фонна қарағанда жазылған, тереңдетілген, яғни, қарама-қайшы түрде бола алады. Мұндай рельефті «койланоглиф» деп аталады. Ол Ежелгі Шығыс, мысырда және

басқа да тас бойынша антикалық кесу өнерлерінде кеңінен таралған. «Классикалық рельеф», әсіресе антикалық және классицизм өнерлеріне сәйкес, көбінесе тегіс теңкте болады. Әлемге танылған ұлы Панафинеиді атап өту күні Афина храмына бет алған афиндық азаматтардың салтанатты шеруін көрсететін Парфенон фризин мысал бола алады /3/.

Классикалық рельефтің монументалды сипаты бар: тегіс фондағы бейне қабырғаның жазықтығын бұзбайды, фонға параллель қойылады. Мұндай рельефті фриз түрінде елестетуге болады – қандай да бір ғимараттың қабырғасын жүгіріп өтетін горизонталды сызбалар. Сондықтан «классикалық рельефті» сәулетпен байланысты монументалды-сәнді мүсін бөліміне жатқызуға болады. Барельеф қана емес, горельеф те сәулеттік құрылыстармен байланысты. Дегенмен, сәулетпен байланысы жоқ, тіпті оған қарама-қайшы рельефтің түрі бар. Оны «живописный рельеф» деп аталады. Өзінің міндеттеріне байланысты живопись картиналарына жақын бірнеше жоспарлары бар, тереңге тамыры жайған кеңістіктің қиялдан туған бейнесін береді.

Мүсін жасау материалдары – сазбалшық. Мүсін жасауға ең қолайлы саз балшық болып табылады. Өйткені, ол – жұмсақ, қалай жұмыс істегің келсе де саусақтарыңа бағынатын, ұзаққа шыдайтын зат. Табиғатта, көбінесе, көлшік өзен жағалауында немесе басқа жерлерде де кезігуі мүмкін.

Мүсінге майлы сазбалшық пайдаланылады. Сазбалшық әр түрлі болып келуі де мүмкін (қызғылт, қоңыр, сарғыш, жасыл және т.б.). Сазбалшықты мүсін жасауға дейін жақсылап дайындау керек. Бірінші алып келгенде, қатты, құрғақ болады. Оны жақсылап қатты заттардан тазарту қажет. Бір – екі күннен кейін, жақсылап езу керек. Тағы 1–2 күн тұрғаннан кейін балшық дайын болады. Өте сұйық болса жайып, ыңғайға келгенше кептіру керек. Дайын болғанда кеуіп қалмас үшін целофанға орап тастау қажет. Балшықты салқын жерде немесе подвалда сақтауға болады.

Мүсін жасайтын сазбалшықты студенттер Академиялық сабақтарда ою-өрнек, маска, бас, фигура, т.б. жасау үшін пайдаланылады. Сабақ арнайы мүсінге арналған болса, шеберханада өткізіледі. Ал, мектептерде жапсыру сабағы арнайы бөлме болмағандықтан сыныптарда өткізіле беріледі.

Жоғарыда мүсін өнері технологиясына қатысты мәселелер болашақ маман даярлауда теориялық нәтижелерге қол жеткізуден өзге төмендегідей әлеуметтік және практикалық маңызды мақсаттарға жетуге мүмкіндік береді:

– мүсін өнерінің теориялық нәтижелері мемлекеттік құрылымды және бүтіндей алғанда Қазақстандық қоғамның рухани-адамгершілік жағдайын одан әрі реформалаудың теориялық негіздемелерінің бірі ретіндегі қызмет атқара алады;

– өнер туындылары технологиясын зерттеудің негізі бола алады;

– түйіндері мен нәтижелері, әдіснамалық және нақты-тарихи материалдары оқу бағдарламаларын жасау барысында, арнайы пәндер бойынша дәрістер оқуда қолдануға болады;

– аралық нәтижелер негізінде дүниетанымдық-әдіснамалық, әлеуметтік-саяси және ғылыми-көпшілік мақалалар этноәлеуметтік кеңістікте танымдық, өнертанушылық және этномәдени мәнге ие болады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 ҚР Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 14 желтоқсан 2012.

2 Мухаметжанов Б.А. Мүсін және қыш материалдарынан бұйымдар жасаудың теориясы мен технологиясы: оқу құралы. – Алматы, 2010. – 80 б. (4,5 б/т).

3 Этномәдени білім беру үдерісіндегі көркем өнердің алатын орны // Қазіргі кезеңдегі қоғамның этномәдени үдерістер жағдайындағы эстетикалық және көркемдік білім берудің өзекті мәселелері // Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. – Алматы: Абай ат. ҚазҰПУ, 14 мамыр 2011. – Б. 138–141.